

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейі РММ және «Казгеоархеология» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**АРАСНЫДАҒЫ
ЫНТЫМАҚТАҚ МЕМОРАНДУМЫ**

Тараз қ.

«14 » маусым 2018 ж.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейі атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директор Бикенев Рустам Төлегенұлы бір тараптан және «Казгеорхология» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директор Төрбеков Ескендір Санжарұлы екінші тараптан, әрі қарай «Тараптар», ал жеке түрде «Тарап» деп аталатын, жоғарғы білім, ғылым мен мәдениет аясындағы тікелей және өзара тиімді ынтымақтастықты орнату, ғылыми-археологиялық зерттеулер саласында осы Өзара ынтымақтастық келісім шартын жасасты (әрі қарай – «Келісімшарт») және мынадай келісімге келеді:

1 бап

1. Тараптардың арасында өзара түсінікті қолдау және ғылыми-археологиялық зерттеулер жүргізу, Қазақстан Республикасының тарихына, мәдениетіне және тұрмыс жағдайына қатысты тарихи-мәдени орындарды, зерттеу және ғылыми айналымға енгізу, реставрациялау-консервациялау саласында іскерлік қарым-қатынаста болу осы Келісімшарттың басты мақсаты болып табылады.

2 бап

Осы Келісімшарт мақсатын жүзеге асыру үшін Тараптар бір-бірімен бағыттар бойынша ынтымақтасуға келіседі.

2.1. ұзак және қысқа мерзімді тағылымдамадан өту, оку-өндірістік және ғылыми тәжирибеден өту үшін Тараптарда бар мамандықтар бойынша зерттеулермен кесібі (өндірістік, зерттеу) тәжірибелермен алмасу;

2.2. өзара ортақ мұддені көздейтін және тарихи құнды болып табылатын тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау және пайдалану саласында жоғары білікті ғылыми кадрлар мен мамандарды даярлауда ынтымақтастық;

2.3. КР іс жүзіндегі заннамаларына қайшы келмейтін өзара қызметтерді көрсету, бірлескен жобаларға қатысу;

2.4. ғылыми еңбектерді дайындауда және оларды басып шығаруда ғылыми кеңес беру және қос жетекшілік ету үшін, соның ішінде, ғылыми консультанттарды тарту арқылы ғылыми-практикалық зерттеулер жүргізу;

2.5. біріккен конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер, Тараптарға арналған күндер мен басқа да ұқсас ғылыми шаралар және тарихи археологиялық-зерттеу аумағындағы өзге де бастамашылықтарды жүргізу. Сонымен қатар, біріккен ғылыми шаралар мен білім беру саласындағы ғылыми басылымдардағы жарияланулар;

2.6. біріккен жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша бірлескен ғылыми еңбектерді жариялау;

2.7. Талаптардың бағыты саласында ынтымақтастықты жүзеге асыру қажетті ғылыми ақпаратпен, материалдар және құжаттар, іс-шаралар туралы ақпараттармен алмасу;

2.8. Егер ол Тарапатардың жарғылық міндеттеріне қарама-қайшы келмесе, Тараптардың жұмыскерлерінің кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін арттыру;

2.9. Тараптарда жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының шеңберінде гранттар алуға ортақ мәлімдемелер дайындау;

2.10. Тараптар ұйымдастыратын білім беру аясындағы халықаралық көрмелер мен жәрменкелер туралы Тараптарға хабарлау.

3 бап

Осы Келісімшарт жобаларын жүзеге асыру қаржыландыру шарттары Тараптардың басқа да жеке келісімдермен анықталады.

Осы Келісімшарт шеңберіндегі ынтымақтастықтың кез келген түрін жүзеге асыру Тараптарын ықтималды ресурстары мен қаржылық қолдануына байланысты болады.

Тараптар қаржылық әріптестерді, соның ішінде қорларды тарту мүмкіндігін қарастыру, мүмкін деп ойлайды.

Келісімшарттың 2-ші бабында көрсетілген іс-шараларды жүзеге асыру Тараптардың жеке келісімдері арқылы жүзеге асырылады.

4 бап

Осы Келісімшартқа толықтырулар мен өзгертулер оның ажырамас бөлігі болатын өзара қосымша келісім бойынша енгізулуі мүмкін және тиісті тәртіпті рәсімделіп Тараптардың уәкілетті тұлғаларының қол қоюы арқылы жүзеге асырылады.

5 бап

Келісімшарт шеңберінде туындастырылған даулар Тараптар арасында талқылау және келіссөздер жүргізу негізінде шешіледі.

6 бап

Осы келісімшарт Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және бес жыл мерзімінде жарамды. Егер оның тоқтатылуына алты ай қалған мерзімнен кешіктірмей Тараптар күшінің тоқтатылуына талап етпесе, осы Келісімшарт әрі қарай бес жыл мерзімге ұзартылады.

7 бап

Бұл келісімшарттың әрекеті Тараптардың бірінен келесі тарап осы Келісімшарттың әрекетін тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін тоқтатылады.

Егер тараптар жазбаша басқалай келіспесе, онда Келісімшарт әреуетінің тоқтатылуы Тараптардың уақытында аяқталмаған жобалар мен бағдарламаларды орындалуына ықпал етпейді.

Бұл келісімшарт қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және міндettі болып табылады.

Осы Келісімшарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде жасалды, мәтіндердің барлығы бірдей занды күшіне ие.

**«Ежелгі Тараз ескерткіштері»
тарихи-мәдени қорық-музейі**

Директор

Бикенев Рустам Төлегенұлы

Күні: « » 2018ж.

Мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, 080000

Тараз қ., Бектұрғанов к.3

тел: 8 7262 430826

8 7262 454247

e-mail: tarzapmuz@mail.ru



**«Казгеоархеология» жауапкершілігі
шектеуілі серіктестігі**

Директор

Торбеков Ескендір Санжарұлы

Күні: « » 2018ж.

Мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, 080000

Тараз қ., Төңкеріс к., 10 үй 43 п.

тел: +7707 493 03 05

